Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ.

Қарабалық кенті 2026 жылғы "11" маусым

ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ меңгерушісінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 40 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы негізінде жұмыс тобының құрамы: уәкілетті тұлға – мұғалім-дефектолог Кажаева Екатерина Евгеньевна, жұмыс тобының мүшелері: әдіскер Каримова Гүлбағиля Хасановна, мұғалім-дефектолог Акулинина Надежда Владимировна, 2025 жылғы 01.07-ден 2026 жылғы 31.05-ке дейінгі кезең бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – Талдау) Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2025 жылғы 01.07-ден 2026 жылғы 31.05-ке дейін.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты – Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою.

Талдаудың міндеті – Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ (бұдан әрі – ППТК) қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып мыналар табылады:

1. талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
2. талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
4. талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
5. ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
7. бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
8. талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
9. талдау объектісінің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың және заңның өзге де бұзушылықтарының жасалуына ықпал еткен мән-жайларды жою туралы ұсынымдар;
10. талдау объектісі қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істердің фабулалары;
11. бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сыртқы талдауының нәтижелері;
12. бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауының нәтижелері;
13. талдау объектісінің мемлекеттік қызметшілері мен қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында келесі нормативтік-құқықтық актілер талданды:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 6-қосымшасы «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері қызметінің тәртібі» 4-тарауы.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім мен ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына 2-қосымша.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы» бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

ППТК Жарғысы Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 04.01 № 4 қаулысымен бекітілген. Сонымен қатар, мекеме қызметін реттейтін барлық нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) едәуір кейінірек – 2020 жылдан бастап және одан кейінгі кезеңде қабылданған. Жарғы мен қолданыстағы НҚА арасындағы сәйкессіздік пен құқықтық қайшылықтардың болуы құқықтық белгісіздікке алғышарттар туғызады, бұл түзету кабинетінің қызмет ету тиімділігіне әсер етуі және ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі болуы мүмкін.

Тәуекелді жою бойынша ұсынымдар:

1. ППТК Жарғысының өзекті нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуіне және анықталған құқықтық қайшылықтардың болуына байланысты Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру туралы өтінішпен Қостанай облысының Білім басқармасына ресми хат дайындап жолдау.
2. Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық факторларын болдырмау және құқықтық айқындықты арттыру мақсатында Жарғыны

қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өзектендіруді қамтамасыз ету.

Ішкі құжаттардағы (бұдан әрі – ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ППТК-ның ішкі құжаттарына, атап айтқанда Ұжымдық шартқа, ішкі еңбек тәртібі қағидаларына, негізгі қызмет бойынша бұйрықтарға, жеке құрам бойынша бұйрықтарға, лауазымдық нұсқаулықтарға талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ППТК 2 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу»;
2. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау».

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

2025 жылғы 01 шілдеден 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде ППТК-да «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметі бойынша 145 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет «Малахит» электрондық платформасы арқылы ұсынылады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу немесе құжаттардың талаптарға сәйкес келмейтін топтамасын сұрату фактілері анықталған жоқ. Қызмет алған барлық балаларда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ПМПК қорытындысы бар. Балалар ұйымға ата-аналардың өтініштері негізінде қабылданады. Аталған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жағдайлары болған жоқ.

2025 жылы педагог-психолог Киселева К. В. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі аясында аттестаттаудан өтті. Педагог құжаттарын сарапшының қарауына ұсынғанымен, сарапшы қорытындысын алу мүмкін болмады; соған қарамастан Киселева К. В. «педагог-модератор» біліктілік санатына аттестаттаудан сәтті өтті.

2026 жылы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі шеңберінде 2 педагог аттестаттаудан өтуде:

- ✓ педагог-психолог Фогель Юлия Николаевна – «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын растау;

- ✓ мұғалім-дефектолог Кажаева Екатерина Евгеньевна – «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына үміткер.

ППТК-да мемлекеттік қызметтер бойынша мониторинг жүйелі түрде жүргізіліп, ай сайын Білім басқармасына есеп ұсынылады. Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ. ППТК-да мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен стандарттары орналастырылған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшада жарияланады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік қызметтерді алуына қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

ППТК Қарабалық кенті әкімінің аппараты» ММ-нен жалға алынған ғимараттың бірінші қабатында орналасқан (152 ш.м). Жеке кіреберісі бар, пандус және шақыру түймесі орнатылған. ППТК-да тактильді бағыттаушы еден жолақтары, Брайль қарпімен жазылған тактильді тақтайшалар орналастырылған, санитарлық торап тұтқалармен бейімделген.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты маман – әдіскер Каримова Г. Х. 2023 жылғы шілдеде «Ең алдымен адамдар»: мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың практикалық құралдары» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Жүргізілген талдау ППТК-да персоналды басқару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына: ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына, ППТК ұжымдық шартына, сондай-ақ басқа да заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметкерлерінің жалпы штат саны 13,5 бірлікті құрады. Ұйымның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13.07 № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес атқаратын лауазымдарының біліктілік талаптарына сай келеді.

Сондай-ақ барлық қызметкерлердің соттылығының жоқтығы туралы анықтамалары бар және психиатр мен наркологтың есебінде тұрмайды. Барлық қызметкерлермен еңбек шарттары жасалған және қолданыста, жеке құрам бойынша бұйрықтар бар, қызметкерлер олармен таныстырылған. Ұйымда қызметкерлердің лауазымдық міндеттері әзірленген, қызметкерлер олармен таныстырылған.

Ұйымның ішкі еңбек тәртібі қағидалары бекітілген, педагогтердің сабақ кестесі мен жүктемесін ескере отырып жұмыс кестелері жасалған. Бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 «Арнайы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылған.
2025 жылғы 01 шілдеден 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде штат бірліктерінде өзгерістер болған жоқ.
2025 жылғы 01 шілдеден 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде келесі кадрлық өзгерістер болды:

- дене шынықтыру мұғалімі Рылина Анастасия Сергеевнамен еңбек шарты 2025 жылғы 31 қазанда бұзылды, негізі – ҚР ЕК 49-бабының 1-тармағы;
- Рылина Анастасия Сергеевна 2025 жылғы 01 желтоқсанда 1 мөлшерлемемен дене шынықтыру мұғалімі лауазымына қабылданды. Негізі: жеке өтініші және 2025 жылғы 01 желтоқсандағы № 74 еңбек шарты;
- Акулинина Надежда Владимировна негізгі мұғалім-дефектолог лауазымымен қоса атқару тәртібімен 0,5 мөлшерлемеге мұғалім-логопед лауазымына қабылданды. Негізі: 2026 жылғы 26 желтоқсандағы жеке өтініші және 2026 жылғы 05 қаңтардағы № 75 еңбек шарты;
- Кажаева Екатерина Евгеньевна негізгі мұғалім-дефектолог лауазымымен қоса атқару тәртібімен 0,49 мөлшерлемеге мұғалім-дефектолог лауазымына қабылданды. Негізі: 2026 жылғы 03 наурыздағы жеке өтініші және 2026 жылғы 06 наурыздағы № 77 еңбек шарты.

Тәртіптік практика

2025 жылғы 01 шілдеден 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, туыстық қатынастағы қызметкерлер жоқ. Педагогикалық қызметкерлердің қызметінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау жүргізілген кезеңде қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғалардан өтініштер, сондай-ақ қызметкерлердің әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

Қаржылық-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Құжаттаманы есепке алу

2025 жылғы 01 шілдеден 2026 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде ППТК-да «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметі тек «Малахит» электрондық

платформасы арқылы көрсетілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу немесе құжаттардың талаптарға сәйкес келмейтін топтамасын сұрату фактілері анықталған жоқ.
Істер номенклатурасы 2022 жылғы 01.04 бекітілген. Құжаттама уақытылы тігіледі.

Түгендеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 433 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу барысында ППТК бухгалтері 2025 жылға жүргізілген жыл сайынғы түгендеудің түгендеу тізімдемелерін ұсынды.

Бухгалтерлік есепті жүргізу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. ППТК-да бухгалтерлік есеп шоттары бойынша есеп жүргізу, атап айтқанда № 2, 5, 6, 8, 13 мемориалдық ордерлерді және басқа да бастапқы құжаттарды жүргізу тексеру үшін толық көлемде ұсынылды. 2026 жылғы 31 мамырдағы есепті күнге арналған айналым-сальдо ведомосындағы айналымдарды тексеру кезінде деректер қаржылық есептілікке сәйкес келетіні анықталды.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2025 жылдың II жартыжылдығында ППТК-ға 6 өтініш, ал 2026 жылдың I жартыжылдығында жеңілдетілген әкімшілік рәсім бойынша 1 өтініш келіп түсті («MALAHIT» АЖ есебі бойынша).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Мемлекеттік қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар ету үшін ППТК ғимаратында екі тілде «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары мен стандарты орналастырылған стенд (Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы) бар. Азаматтардың шағымдары мен өтініштеріне арналған кітапша еркін қолжетімді жерде орналасқан. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы аталған мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті нұсқаулықтармен қамтамасыз етілген.

Ұйымдағы барлық бос жұмыс орындары жарияланған, ал оларды толықтыру нәтижелері туралы ақпарат мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді. Instagram әлеуметтік желісінде (https://instagram.com/krb_pptk?igshid=YmMyMTA2M2Y=) аккаунт ашылып, жүргізілуде, онда ППТК қызметі, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттар мен жаңалықтар тұрақты түрде жарияланады.

Сонымен қатар, мекеменің https://krb-korrek.bilim.edu.kz/ ресми сайты құрылып, жұмыс істейді. Ол ППТК қызметі туралы өзекті ақпаратты, нормативтік құжаттарды, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді,

сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа арналған бөлімді орналастыру үшін пайдаланылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

ППТК бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

2026 жылғы 13 мамырда ЖК Жансаяны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыз берілді. Жауапкер шарт жасалғаннан кейін 16 күнтізбелік күн ішінде 52 дана Ойыншықтарды («Балаларды қорғау күні» іс-шарасына арналған сыйлықтар) техникалық ерекшелікке сәйкес жеткізуге міндеттенген, алайда өз міндеттемелерін орындамаған.

2026 жылғы 8 маусымда № 3971-26-00-2/1337 іс бойынша шешім қабылданды:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Қасымова Жансая Есенбайқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

2.9. Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Қарабалық ауданының прокуратурасы тарапынан 2025 жылғы 01.06-дан 2025 жылғы 15.12-ге дейінгі кезеңде қызметке талдау жүргізілген жоқ.

2.10. Фискалдық органдардың тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

2025 жылғы 01.06-дан 2025 жылғы 15.12-ге дейінгі кезеңде фискалдық органдар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

2.12. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі

БАҚ пен интернет-ресурстарға жүргізілген мониторинг барысында жағымсыз жарияланымдар анықталған жоқ.

Қорытынды
Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде келесі ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ Жарғысы Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 4 қаулысымен бекітілген. Сонымен қатар, мекеме қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің басым бөлігі 2020 жылдан бастап кейінгі кезеңде қабылданған. Жарғы ережелері мен өзекті нормативтік-құқықтық актілер арасындағы сәйкессіздік, сондай-ақ құқықтық қайшылықтардың болуы құқықтық белгісіздікке алғышарттар туғызады, бұл өз кезегінде мекеме қызметінің тиімділігіне әсер етуі мүмкін және ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі ретінде қарастырылады.

Тәуекелді жою бойынша ұсынымдар:

Қостанай облысының Білім басқармасына Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ Жарғысын қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру және анықталған құқықтық қайшылықтарды жою мақсатында оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру туралы ресми өтініш дайындап жолдау.

Меңгеруші _____ Ю.Н.Фогель

Жұмыс тобының төрағасы

_____ Е.Кажаева

Жұмыс тобының мүшелері:

Әдіскер _____ Г.Каримова

Мұғалім-дефектолог _____ Н.Акулинина

Бухгалтер _____ Т.Исмагулова

Тәуелсіз сарапшы:
Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
Қарабалық ауданы білім
Бөлімінің «Балалар шығармашылығы үйі»
КММ басшысы _____ Г.Кенжибаева

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу жөніндегі
әдістемелік ұсынымдарға
4 қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ.

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі
1	Меңгеруші	Мекеме Жарғысының ережелерін қолдану жөніндегі меңгерушінің өкілеттіктері: Жарғының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуі жағдайында оның ережелерін субъективті түсіндіру қаупі бар, бұл қабылданатын басқарушылық шешімдерге әсер етіп, сыбайлас жемқорлыққа алғышарттар туғызуы мүмкін.	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ Жарғысы Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 4 қаулысымен бекітілген.